

# “ЭМБАНЕФТЬ” тресі – алғашқы жылдар



Газетіміздің алдыңғы сандарында жазып өткеніміздей, 1899 жылдың қараша айында Атырау облысы, Жылыой ауданына қарасты Қарашүңгі алаңындағы №7 ұңғымадан мұнай фонтаны атқылап, тәулігіне 20 тоннадай мұнай берді. Бұл бүгіндері бүкіл дүние жүзіне мәлім болған Қазақстан мұнайының алғашқы тамшылары еді. Эмбіде мұнай өнеркәсібінің нағыз қанат жаюы Кеңес өкіметі жылдарында болды десек, бұл бұрынғы тарихи топшылау емес, ақиқат шындық.



Фотомұрағат

Эмбі өндірістері 1920 жылдан бастап қалпына келтіріле бастады. Сол жылы Гурьевте мұнай комитеті ұйымдастырылды. Комитет басқармасы 1918 жылдан бастап түрлі ұйымдардың қолында кеткен машиналарды, құрал-жабдықтарды, станоктарды тауып, қайтарып ала бастады. Мұнан кейін Доссор, Мақат өндірістері мен Ракушин заводтарын қалпына келтіруге кірісті. Мақат мұнай кәсіпшілігі 1921-1924 жылдары консервацияда болып, сондықтан бұл мезгілде тек қана Доссор мұнай кәсіпшілігі пайдалануда болды. 1917 жылдан бері тоқтап тұрған жаңа советтік Эмбі өзінің жұмысын осылай бастады.

Өндірістерді қалпына келтіру жұмысы баяу жүргізілді, техниканы білетін мамандар мен жұмысшылар, қажетті материалдар, құрал-саймандар, әсіресе жұмысшылар үшін азық-түлік өте жеткізіліксіз болды. Тек 1923-24 жылдары ғана Эмбіде жағдай өзгеріп, ескі өндіріс алаңдарын бұрғылау жұмысы ойдағыдай жүргізіле бастады. Жаңа қондырғыларды кеңінен пайдалану терең бұрғылауды өрістетуге мүмкіндік берді. Бұл тұста көне галицейлік түйгіштеп бұрғылаудың орнына айналмалы (роторлық) бұрғылау жүзеге асты. Бұл бұрғылау тәсілін эмбіліктер әзірбайжан мамандарынан үйренсе де, оны қолдануда Одақта алдына жан салмады. Алғашқы рет айналмалы бұрғылау тәсілі 1926 жылы Доссор кен орнында №301 ұңғымада пайдаланылды.

1924 жылы Орал-Эмбі мұнай қабаттары 70 мың шаршы метрге дейін созылып, 60-қа жуық жер бетіне шығып жатқан мұнайлы алаңдардың бар екені анықталды. (Геолог С.Миронов, Атырау облыстық архиві, іс 146/1/261, 80-бет). 1925-1926 жылдар мұнай өндіру мен бұрғылау жұмыстарын қайта жарақтандыру жылдары болды. Бұл кезеңде өндіріске қуатты электроқозғалтқыштар, тереңдік сораптар, бұрғылау станоктары, тракторлар, жүк автомобильдері келе бастады. 1928 жылдың соңында Эмбі мұнай кәсіпшіліктері негізінен терең сорапты қондырғыларды пайдалану арқылы мұнай өндіру әдісімен жұмыс жасады. Компрессорлық әдіспен мұнай өндіру – 15 пайызды құрады. Сондықтан осы кезеңде Эмбі мұнай кәсіпшіліктері ең ұтымды жұмыс жасаушы кәсіпшіліктер болып есептелді. 1918-1928 жылдары Эмбіде 1802,5 мың тонна мұнай, оның ішінде 1918 - 145,6 мың тн, 1919 - 26,6 мың тн, 1920 - 30 мың тн, 1921 - 37,4 мың тн, 1922 - 133,9 мың тн, 1923 - 133,1 мың тн, 1924 - 125,8 мың тн, 1925 - 194,9 мың тн, 1926 - 218,1 мың тн, 1927 - 253,5 мың тн, 1928 - 249,8 мың тн мұнай өндірілді.

5-бетте >>>

## Бүгінгі санда:



Дәнекерлеуші мамандар шеберліктерін шыңдайды

2 >>>



Еңбек қауіпсіздігі – басты назарға!

4 >>>



Қаражанбас және Қазгермұнай мұнайшылары ЭКСПО көрмесінде

6-7 >>>

## ҚҰЛАҚТАНДЫРУ! Кері байланыстың жаңа арналары ашылды



«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобында елеуметтік хал-ахуалаға мониторинг жасау мақсатында кері байланыс жүйесі өз жұмысын бастағанын хабарлаймыз. Қызметкерлер өздерін толғандырған мәселелер бойынша орталық аппараттың атына:

- WhatsApp арқылы, **+7 700 700 29 99** телефон нөмеріне мәтіндік, аудио немесе бейне сауал және шағымдарын қалдыра алады;
- **social@kmgper.kz** электрондық поштасына да хат жолдай алады.



Көрнекілік сурет



# ДӘНЕКЕРЛЕУШІ МАМАНДАР шеберліктерін шыңдайды

➤ Дамып жатқан техника және технология жетістіктерімен қатар жүру мұнай-газ сааласы үшін де өте маңызды әрі қажет. Себебі бұл уақыт талабы. Дәнекерлеу өндірісі де жанаруда. Бұл орайда жұмысшы мамандардың кәсіби шеберлігін көтеру удайы назарда болатын іс.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қарасты «Кен-Құрылыс-Сервис», «ӨзенМұнайСервис», «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» жауапкершілігі шектелген серіктестіктерінің дәнекерлеуші мамандары кәсіби шеберліктерін шыңдау үшін теориялық және тәжірибелік оқу курсынан өтеді.

Компаниялар дәнекерлеу мамандары заманауи өндірістік дәнекерлеу негіздері бойынша білімдерін нығайтатын болады.

«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС персоналды басқару және еңбекақы төлеу бөлімінің бастығы Гүлмира Кульчарованың айтуынша, «Кен-Құрылыс-Сервис», «ӨзенМұнайСервис», «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» мекемелерінен дәнекерлеу мамандары оқытылады. Олар алдымен теориялық және тәжірибелік сынақ тапсырып, содан соң оқуға кіріседі. Оқудың алғашқы үш күні теориялық, жеті күні тәжірибелік тұрғыда

өтеді. «Кен-Құрылыс-Сервис» мекемесінің залында теориялық оқу өткізіледі, ал, «Жөндеу құрылыс» басқармасының базасында тәжірибелік сабақ өтетін болады. Оған қажетті дайындық шаралары жасалуда.

«Кен-Құрылыс-Сервис» мекемесінің бас технологы Сейдалы Паизовтың айтуынша, осы кәсіби оқыту бойынша мамандар дәнекерлеуді жартылай автоматты жабдықта атқаруға машықтанатын болады. Бұл жұмысты жеңілдетеді, сапасын жақсартады. Қауіпсіздік жағынан да тиімділігі болады. Жұмыс уақытының жылдамдығын арттыруға септік етеді. Ескі құрылғымен еңбек етуден, жаңа жартылай автоматты жабдықта жұмыс істеуге оқып-үйренудің сөз жоқ, пайдасы мол.

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Сәрсенбай Бекмамбетовтің айтуынша, бұл оқу-тәжірибе шарасы дәнекерлеуші мамандардың



кәсіби деңгейін көтеруге септік етеді. «Оларды жартылай автоматты жабдықтармен жұмыс жасауға үйретеді. Бүгінде ӨМС өндірістік жабдықтары да қолданылатын материалдар да жаңару үстінде. Дәнекерлеу аппараттары да өзгеруде. Мекемеде жаңа база салынғалы жатыр. Сондықтан мамандардың да заман ағымына қарай қатар дамуы қажеттілік», – дейді ӨМС басшысының орынбасары. Дәнекерлеу ісі өндірісте өзіндік маңызы зор саланың бірі.

## Арнайы техникалар жаңартылуда



➤ Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ балансында 1471 бірлік автокөліктер бар. Олар 8 транспорт басқармаларында, яғни, №1,2,3,5 СҚКБ, ТТБ, АТБ, ХжӘБ және БЖБ өндірістік құрылымдық басқармаларында шоғырланған.



Аталған көліктердің 527 бірлігі (35,8%) 10 жылдам астам уақыт пайдалану мерзімін өтеп, амортизациялық құны толықтай өтеліп, тозығы жеткендіктен жаңартуды талап етіп тұр. Алайда, барлық техникаларды жаңарту бір жылдың шеңберіне сыймайтындықтан, «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы арнайы көліктерді 2017-2021 жылдар аралығында жаңартуды көздеп, бес жылдық мерзімді қажет ететін жоспарды бекіткен болатын. Аталған жоспар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшылығы тарапынан қолдау тауып, жедел жүзеге асырыла бастады. Өткен 2016 жылы 50 дана арнайы техника жаңартылып, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры Қ.Есқазиев аталған жылдың соңында арнайы көліктің кілтін өр жүргізушіге өз қолымен салтанатты түрде табыстады.

Биыл «Өзенмұнайгаз» АҚ бюджетінде 124 бірлік техника сатып алу жоспарланып отыр. Бүгінгі күні 89 арнайы техника сатып алу тендерлері өтіп, келісім шарттар жасақталды. Күні кеше 13 арнайы техника орталық базамызға келіп, қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету бағдарламасына сай, 50 дана арнайы техниканы алу үшін Көкшетау «КамАЗ-Инжиниринг» АҚ-мен және 29 арнайы техниканы алу үшін «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ-мен келісім-шарт жасақталды.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығы арнайы техникаларды жаңалауды өндірісті алға қарай дамытудағы алғы шарт ретінде назарда ұстап, көліктерді жаңарту үстінде. Жаңа техникамен мұнай өнімділігінің анағұрлым артатыны сөзсіз.

**Болат Бекжанов,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ,  
Транспорт департаменті директоры

# “ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ азымдағы жағдайы қаралып, келешек жоспары пысықталды

➤ «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайыдановтың бастамасымен басқарма мүшелері және орталық аппарат қызметкерлерінің қатысуымен, өндірістік қурылымдық басқармалар ұжымымен кездесу өтті. Басқосудың негізгі мақсаты – компанияның қазіргі таңдағы өндірістік, қаржылық және әлеуметтік хал-ахуалының шынайы жағдайымен ұжымды таныстыра отырып, қоғамның болашақтағы жоспарын пысықтау болып табылады.

## БҮГІНГІ КҮНІ ӨЗЕН ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ ҚАНДАЙ?

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдарда «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіру жоспарын орындай алмай келеді. 2017 жылдың алты айының қорытындысы бойынша мұнай өндіру көрсеткіші жоспардан 61 830 тоннаға кем орындалды, пайыздық көрсеткіші 98%. Жоспардың орындалмауының басты себебі ретінде ағымдағы скважиналар қорынан өндірілетін өнім жоспарының орындалмауы болып отыр. Бұл олқылықты геологиялық-техникалық шараларды жоспардан артық жасау арқылы да орындау мүмкін болмай отыр.

Сонымен қатар, қазіргі мұнай өндіру көлемі 2015 жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда 18 330 мың тоннаға кем, 2016 жылмен салыстырғанда 76 210 тоннаға кем орындалуда, яғни соңғы екі жылдағы нақты көрсеткішке де жете алмадық.

Өткен жылы Қазақстан бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның мұнай өндіру үлесі 7 пайыз болса, биыл осы көрсеткіш төмендеп, 6 пайызды құрап отыр.

## МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ӘСЕРІ БАР

Соңғы екі жылдағы «қара алтын» бағамының құлдырауы салдарынан туындаған әлемдік нарықтағы дағдарыс – негізгі табыс көзі мұнай өндіру болып табылатын елдер мен компаниялардың экономикасына елеулі өзгерістер енгізді. Алдағы уақытта мұнай бағамының бұрынғыдай жоғары деңгейде болмайтындығы баршаға анық. Себебі, сұраныс пен ұсынысқа қарай бағаның құбылуы әлемдік нарықтың негіздеріне тікелей байланысты болып отыр.

Демек, аталған мұнай өндіру көлемінің орындалмауы және қазіргі мұнай бағамдарының әлемдік нарықта тұрақтанбауы «Өзенмұнайгаз» АҚ үшін басты мәселе болып отыр.

Себебі 2013-2016 жылдар аралығында «Өзенмұнайгаз» АҚ таза ақшалай кірісі бар болғаны 6 млрд.теңгені құрады, ол шамамен компания табысының 0,3% құрайды, мысалы, әрбір 1000 теңгеден компания төрт жылдың ішінде 3 теңге таза ақшалай кіріс көрді. Басқаша айтқанда, аталған қаражат шамамен компания жұмысшыларына бір айда төленетін қаражат көлемінде немесе бір жылдық индексация көлеміне жетеді.

Мұнай өндіру жоспарының орындалмауына және мұнай бағамдарының төмендеуіне қарамастан компания шығындары жылдан жылға өсуде. Атап айтқанда, монополиялық қызметтер тарифтерінің өсуі заңнамалар арқылы реттелсе (ол 2016 жылғы мұнай өндіру шығындарының 11% құрады), персонал шығындарының және еншілес мекемелер тарифтерінің өсуі жыл сайынғы индексацияға байланысты болып отыр (ол 2016 жылғы мұнай өндіру шығындарының 70% құрады, оның ішінде 52% персонал шығындары, 18% еншілес мекемелер шығындары).

Шығындардың өсуі бұдан ары жалғаса беретін болса, егер дер кезінде тиісті шешімдер қабылданбайтын болса, оның ішінде ең бастысы өндірістік және қаржылық тиімділік арттырылмаса, компанияның қаржылық болашағы аса қиын болуы мүмкін деген болжамымыз бар.

Жоғарыда айтылғандай, мұнай бағамдары әлемдік нарыққа тәуелді болса, компанияның барлық шығындарын жабу үшін мұнай баррелінің құны кемінде 60 долларды құрауы қажет,



Көрнекілік сурет

өкінішке орай, 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында бұл көрсеткіш төмен болып отыр.

2016 жылдың қорытындысы бойынша орташа мұнай бағамы 44 долларды құрады, компанияның қаржылық есебі бойынша таза ақша ағымы 34 млрд.теңгені құрады. Бұл көрсеткіш «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ы тарапынан тікелей көрсетілген келесі қолдаулар арқылы жүзеге асқан болатын:

- мұнай өндіру процессінгі арқылы, ішкі нарықтағы мұнайдың сатып алу бағасын көтеру,
- пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдікті алу және қосымша құн салығын қайтару арқылы.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ тарапынан қаржылай қолдау болмаған жағдайда таза ақша ағыны минус болар еді. Бұл дегеніңіз өзін-өзі қаржыландыра алмаған компания банкроттық жағдайға түсті деген сөз.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ҚИЫНДЫҚҚА ҚАРАМАСТАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ НАЗАРДА ТҰР

Қаржылық тапшылыққа қарамастан «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің әлеуметтік жағдайы және орташа еңбекақы мөлшері жоғары деңгейде.

Еншілес кәсіпорындарының да қызметтік тарифтерін жыл сайын «Өзенмұнайгаз» АҚ көтеріп келеді. Мысалы, 2017 жылға «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Жаңаөзен қаласында орналасқан еншілес кәсіпорындарының тарифтері көтерілген болатын. Ол «Өзенмұнайгаз» АҚ үшін 1,6 млрд. теңге көлемінде қосымша шығын.

Сол себептен 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында «Өзенмұнайгаз» АҚ өндіріп отырған мұнайдың өзіндік құны бір тоннаға 43,8 мың теңгені құрады, ол Қазақстан бойынша басқа мұнай өндіруші компанияларымен салыстырғанда орташа деңгейден жоғары болып отыр.

Сонымен қатар, компания Ұжымдық шартта көрсетілген әлеуметтік кепілдемелерді толығымен орындап келеді. Жұмысшыларға жыл сайын Қазақстан аумағында орналасқан сұранысқа ие, алдыңғы орындағы шипажайларға жолдамалар тегін берілуде. Компания, балалар демалысын ұйымдастыру аясында Сочи, Алматы қалаларына және Кендірлі аумағында орналасқан демалыс орындарына тегін жолдамалармен қамтамасыз етіп келеді. Жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру шығындары компания есебінен жүргізілуде.

Олардың өндіріс басындағы тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Асханалар мен тұрмыстық шаруашылық кешендер құрылысымен қатар, жаңарту бағытында әлеуметтік және өндірістік нысандарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Мәселен, 2017 жылы аталған жұмыстарға 464 млн.теңге көлемінде қаражат қарастырылған.

Жыл сайын компания өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға да елеулі үлес қосып келеді, атап айтқанда, пайдалы қазбаларды өндіру келісім-шартына сәйкес компания жыл сайын Маңғыстау өңіріне 900 млн.теңге көлемінде қаражат бөліп отыр. Бұл қаражаттың 750 млн. теңгесі Жаңаөзен қаласына, 150 млн. теңге Қарақия ауданына бөлініп тұр. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің мәліметіне сәйкес, аталған қаражат есебінен 2016 жылы Кендірлі аумағынан қала тұрғындары мен қонақтарына арналған ашық жағажай орны қолданысқа берілді. Бұдан өзге жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы игі істер өз жалғасын табуда.

## АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРДЫ АБЫРОЙЛЫ АТҚАРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ!

Геологиялық барлау жұмыстары бағытында Өзен-Қарамандыбас кенорындарының іргелес аумағында жер қойнауын пайдалану құқығы алынған болатын. Келісімшарт аясында компанияның мұнай қоры көлемін өсіру жоспарланып отыр. Қазіргі таңда 550 шаршы шақырым аумақта жүргізілген далалық сейсмикалық барлау жұмыстары мәліметтерін өңдеу жалғасуда. Алдағы уақытта геологиялық қорды нақтылау жұмыстары да жүргізілетін болады. Себебі, соңғы жылдарда орын алып отырған жаңа скважиналарды бұрғылау жұмыстары нәтижесі 40 пайызға төмен болып отыр (жоспарланған дебитке жетпегендіктен). Бұл жұмыстардың мақсаты барлық қабат бойынша геологиялық қорды анықтау, геологиялық модельді жаңарту бағытындағы жұмыстарға және жоспарланып отырған кешенді іс-шараларды тиімді орындауға оң серпін беретіндігі жоспарланған.

Қабат қысымын сақтау жүйесіне қолданылатын суды дайындау және химияландыру бағытында да кешенді жұмыстар жүргізілетін болады. Өзен және Қарамандыбас кенорындарын игеру қабат қысымын сақтау арқылы жүргізілуде. Қабат қысымын сақтау мақсатында ілеспе және теңіз сулары қолданылады. Қазіргі таңда, қабаттан өндірілген ілеспе судың қабатқа қайта айдау кезіндегі дайындығының төмен сапада болуы, сонымен қатар қосымша пайдаланатын теңіз

суының дайындықсыз қабатқа айдалуы салдарынан туындайтын біраз мәселелер орын алуда. Аталған жағдайлардың нәтижесінде мұнаймен қаныққан қабаттардың табиғи сұйық өткізгіштік қасиеттері төмендеп, коррозия, механикалық қалдықтар, тұздың тұну мөлшерінің ұлғаюы және басқа да зиянды факторлар кенорындарды игеру кезінде көрі әсерін тигізуде.

И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университеті мамандарымен ақылдаса отырып, бұл мәселелерді түбегейлі шешу үшін әлемдегі үздік Shell британдық-нидерландық мұнайгаз компаниясы мен Италияның ENI ірі мұнай компанияларының тәжірибесін қолдану жоспарланып отыр. Яғни химиялық қоспаларды қолдану арқылы қабат қысымын сақтау жүйесіне арналған судың сапасын жақсарту және жетілдіру.

Сонымен қатар мұнайды дайындау жүйесіндегі №1, 2 мұнайды судан алдын ала айыру қондырғылары модернизациялау жоспарланып отыр.

Арнайы техникаларға қызмет көрсету сапасын жақсарту және пайдалану коэффициенті көрсеткіштерін арттыру бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілетін болады.

Қазіргі таңда, өндірістік құрылымдық басқармалар құрамында 1 471 автокөліктер мен арнайы техникалар қызмет көрсетіп келеді. Бағдарламаға сәйкес, арнайы техникаларды жаңарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетін болады, 5 жылдың ішінде шамамен 646 дана автокөліктер мен арнайы техниканы жаңарту жоспарланып отыр. 2016 жылы 50 дана, 2017 жылдың бірінші жарты жылында 14 арнайы техника алынды, жыл соңына дейін 110 арнайы техника алу жоспарланған. Сонымен қатар, 1000 орындық автосервис орталығы құрылысын жалғастыру көзделуде.

Кенорын бойынша скважиналардың жөндеу аралық кезеңін ұзарту бағытында да төрт кезеңнен тұратын кешенді іс-шара жоспарланып отыр, яғни жерасты жабдықтарының (тереңдік сораптар, шыбықтар, сораптық компрессорлық құбырлар) сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар, жаңа технологиялар мен химиялық ингибиторларды қолдану оң жолға қойылмақ. Электрэнергиясын тиімді пайдалану және оқшаулау бағытында, кенорын аумағында екі 50 МВт автономды газдытурбиналық энергостанция құрылысын бастау жоспарланып отыр. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі жасақталғаннан соң, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ инвестициялық комитетіне ұсынылып, жоба құрылысын бастап кетеміз деп отырмыз.


Кенорында өндіріліп отырған мұнай мен дайындалған мұнай көлемінің арасындағы 34 пайыздық ауытқуды азайту және геологиялық-техникалық шаралардың тиімділігін нақты анықтау мақсатында, кенорын автоматтандыру жүйесін жаңарту бағытында да кешенді жұмыстар жүргізу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда өндірілген сұйықтың шығыны есептеу тораптарында НОРД турбиналық шығынөлшегіштермен бақыланады, алдағы уақытта оның орнын королісті шығынөлшегіштермен ауыстыратын боламыз.

Бұл дүниеде ең жаманы – бейқамдық. Біз өмір сүріп отырған уақыт жайбасарлықты көтермейді. Ендеше, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, жұмылып жемісті еңбек еткенде ғана жетістікке жетіп, Өзен кенорының гүлденуіне үлесімізді қосамыз. Еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып, өндірістің дамуына еңбек сіңіру – әрбір қызметкердің міндеті!

Алып кенорынның гүлденуі – Сіз бен Біздің өміріміздің гүлденуі мен ел экономикасы дамуының кепілі!

**Мақсат Ибағаров,**

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары



# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ — БАСТЫ НАЗАРДА!

➤ Кез келген компания үшін қызметкерінің қауіпсіздігі маңызды. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігімен қамтамасыз ету он жолға қойылған. Өндірістегі қауіпсіздік қандай жағдайда да бұзылмауы тиіс.

**Ж**ұмыскерлердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында өндіріске бірқатар жаңа жүйелерді енгізіп жатырмыз. Бұның бәрі компания жұмыскерлерінің қауіпсіздігі мақсатында жасалынып отыр. Соның бірі – «Алтын ережелер» деп аталатын ерекше нұсқама. «Алтын ережелер» – өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға арналған қарапайым қағидаттар топтамасы. Бұл қағидатта көлік жүргізу немесе тоқпен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау т.б. ережелер жазылған. Шағын ғана жинаққа жазылған маңызды қағидаттар әрбір жұмыскердің қалтасына салып жүруге өте ыңғайлы. Бұл ережелер тіпті әрбір жұмыскер кабинетінің төрінде де ілулі тұр.

Ережелерді оқу, үнемі көру санаға тез сіңірілетін әдіс екендігін біз жақсы білеміз. Кабинеттегі айналарға қауіпсіздікті еске салу сөзі ілінген. Шашына немесе бет-әлпетіне қараған жұмыскер еріксіз қауіпсіздік ережесін де оқып шығады. Бірнеше жылдардан бері билбордтарға есте қалатын суреттер іліп, әсерлі сөздермен өндіріс аймағындағы жол жиектеріне орналастырдық. Еңбек қауіпсіздігі жайында түсірілген бейне-роликтерді түскі ас кезінде асханалардағы теледидардан үздіксіз көрсетіп отыруды қолға алдық.

Түптеп келгенде, бұл шаралардың барлығы компания жұмыскерлерінің қауіпсіздігі үшін жасалынып отыр.

Соңғы кезде қауіптілігі жоғары жұмыс орындарында оқыс оқиғалардың алдын алу үшін «ЛОТО» бағдарламасын енгізген болатынбыз. Жаңа жоба өзінің тиімділігін көрсете бастады. Осы жоба аясында сатып алынған кішкентай алқалардың жұмысы ауқымды-ақ. Қанша адам бригадада жұмыс жасайтын



Көрнекілік сурет

болса, сонша алқа қойылады. Барлық бригада мүшелері алқаны шешіп алмайынша, жұмыс басталмайды. Бұл дегеніңіз – өзара бақылауды күшейту деген сөз.

Сондай-ақ, «Іс-әрекетті бақылау» бағдарламасы да іске қосылды. Бағдарлама негізінде қызметкерлердің жұмыс барысында жіберген қателігін өздерімен еңгімелесе отырып, талқылау жүзеге асырылады. Бұған басқарма директоры, бас инженер, техникалық қауіпсіздік инженерлері түгел қатысады. Негізгі шарты – қауіпті іс қимылдардың жолын кесу. Бұл бағдарлама біреуді жазалау үшін емес, еңгімелесу, ақыл-кеңес беру арқылы, әріптестер арасында өзара ынтымақ пен түсіністікті арттыруды көздейді.

Өндіріс аймағында жұмыс жасайтын әрбір жұмыскерге сауысқанның сақтығы керек. Ойланбай жасаған әрекеттің опық жегізетініне көзіміз жетті. Қауіпсіздік шаралары бірнеше бағытта жасалады. Өрт, өнеркәсіп қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және еңбекті қорғау. Жоспар бойынша әр мұнай-газ өндіру басқармасына скважиналарды техника қауіпсіздігі талаптарына сәйкестендіру тапсырылады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыс жасайтын мыңдаған адамның қауіпсіздік техникасы бойынша сауатын арттыру және білімін тексеру үшін корпоративтік оқу орталығы жұмыс істейді. Алдымен қызметкерлер оқытылады, одан соң емтихан тапсырып, жұмысқа жарамдылығы бойынша рұқсат

алады. Биыл оқу орталығында жаңалық көп. Компания қызметкерлері бұрын азаматтық заң бойынша оқытылатын, биылдан бастап бөлек бағдарлама жасадық. Әр маман иесін жеке-жеке оқыту үшін әдістемеліктер шығарылды.

Сонымен қатар, «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты барлық басқармаларында орнатылған автоматтандырылған өрт сөндіру құралдарын мердігер мекеме үнемі тексеріп тұрады. Жазатайым «тілсіз жау» қылаң бергенде құралдар жылдам іске қосылып, қызметкерлерді хабардар етеді.

Сонымен бірге, өндірісте орын алған ұсақ жарақаттардан бастап ірі оқиғаларға дейін ескерусіз қалмайды. «КИСУД» бағдарламасы қауіпсіздік мәселесі бойынша барлық мәліметті тіркейді. Сол арқылы басшылық, акционерлер – барлығы хабардар болып отырады.

Қызметкерлердің жеке қорғану құралдарында да өзгеріс бар. Жұмысшылардың ұсыныс-тілектері ескеріліп, енді жаңа үлгідегі арнайы күртешелер шыға бастайды. Онда белдегі резеңке алып тасталып, ұзартылып тігілетін болады. «Өзенмұнайгазда» еңбек және өндіріс қауіпсіздігін арттыру шаралары еселене түсуде.

GPS жүйесімен белгіленген жылдамдықты асыра жүргізу фактілерін анықтау және сол фактілер бойынша шара қолдану жұмыстары бойынша Транспорт департаментінен апталық ақпарат алынып, бірлесе қадағаланып келеді. Анықталған фактілер бойынша жылдамдықты асырған жұмыскерлерге әртүрлі деңгейде шара қолданылды.

Болашақта да Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті компаниядағы еңбек тәртібін және өндірісте еңбек қауіпсіздігін күшейту үшін тынымсыз жұмыс жүргізе беретін болады.

**Өсербай Тұрсабеков,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ, Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік департаменті директоры

## БЕРЕКЕЛІ ҰЖЫМ

➤ «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, №1 Мұнай-газ өндіру басқармасы, №8 Мұнай-газ өндіру цехы, №12 топтық қондырғысында 53 мұнай өндіру скважинасы жұмыс жасап тұр.

**О**сы топтық қондырғы шебері, 38 жыл еңбек етілі бар Қосдәулет Айтаниязов туралы әріптестері «өзіне де, өзгеге де талап қойғыш басшы» екендігін айтады.

Қосдәулет еңбек жолын Өзен кенорнында қарапайым мұнай-газ өндіру операторы болып бастады. Жұмыста барлығын шын көңілмен жасайтын ол, өзінің ішкі әлемімен келісімде өмір сүреді. «Өмірде адамдар екі түрлі қағидамен өмір сүреді. Біріншісі – шағымданумен, екіншісі – рахаттанумен. Мен осылардың екінші тобына жатамын», –

дейді өзі туралы шебер күлімсіреп. Аталмыш топтық қондырғы операторлары Садықұлла Нұрмұқанов, Гүлмира Тілеубаевалар өз істерінің кәсіби шеберлері. Олар ауа-райының қолайсыз жағдайында скважиналарды аралау оңай шаруа емес екендігін айтады.

Мамандар өздерінің міндеттеріне аса ыждаһаттылықпен қарайды. Сый-құрметке өздерінің еңбегі арқылы қол жеткізген жандар, өз жұмыстарынан қуат алады. Адамның қайрат-күшін сығып алатын өндіріс саласында абыройлы еңбек етіп жүрген олар «әлемнің әміршісі – еңбек» екендігін дәлелдеп жүр.



# “ЭМБАНЕФТЬ” тресі – алғашқы жылдар

## «1-бетте»

Газетіміздің өткен санында жазылғандай, бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау өңірінің болашағын жоғары бағалап, сол кездегі атақты ірі мұнайшы-геологтар И.М.Губкин және С.М.Мионовтардың бұл өңірді батыл барлау, жаңа кен көздерін ашып, халық игілігіне жарату мәселелерін ортаға қойып, табанды түрде жүргізген жұмыстары мен ұсыныстарының нәтижесінде Москвадағы Бас мұнай басқармасы (Главка) жанында 1920 жылы сәуір айында «Жайық-Ембі» ауданының мұнай кәсіпшілік басқармасы құрылған болатын. 1922 жылы қазан айында бұл басқарма «Эмбанефть» тресі деп аталып қайта құрылып, оның алғашқы басшысы, революция қозғалысының белсенді қатысушысы Рувим Наумович Фридман (1876-1929) болғанын айтқанбыз. Оның алдына қысқа мерзімде азамат соғысында бұзылған мұнай шаруашылығын тәртіпке келтіру және оны жас кеңес республикасы қызметіне қайта бағдарлау тапсырмасы қойылған болатын. Бұл трест 1924 жылға дейін Москвада болып, кейін Гурьевке қоныс аударды. Трестің құрамына Ембінің мұнай кәсіпшіліктері мен мұнай айыру заводтарынан басқа сол кезде толық қуатында пайдаланылмай тұрған Ярославль облысының Константиновск және Нижний Новгород облысының Варинск мұнай өңдеу заводтары кірді. Осындай шараларды іске асыру арқылы Трест бүкіл Ембі мұнайын өз күштерімен қайта өңдеп, жылына 3,5 миллион сом таза пайда түсіруге қол жеткізді.

Сонымен қатар «Эмбанефть» тресі Атырауды мұнай кәсіпшіліктерімен жалғастыратын жолдар салуға кірісті. Доссордан Атырауға дейін тар табанды темір жол салына бастады. Мұның бәрі Ембінің мұнай кәсіпшіліктерінің тез қалпына келтірілуіне көмектесті. 1925-1926 жылдарда Мақат өндірісі қалпына келтірілді. Тек Орал-Ембі босатылғаннан кейін 3 айдың ішінде Халық комиссариаты В.И.Лениннің қолымен осы ауданды игеру жөнінде 4 рет қаулы қабылдады. Бұның ішінде Ембі мұнай қорының көп екендігі және географиялық орналасуының қолайлы екені атап көрсетілген еді. Мұнайдың түрлі сатымен есептелген қоры бұл ауданның зор болашағын көрсетті. Мұнай қабаттарының өнімі Одақтың басқа мұнайлы аудандарымен салыстырғанда анағұрлым мол екендігі анықталды.

Бұл мезгілде Доссордағы 25 га жердің басым көпшілігінің мұнайы алынған болатын және әрбір гектардан 80 мың тоннаға дейін мұнай өндіріліп, бұл өндірілген мұнайдың 10 мың тоннасын алуға 270 метр жер бұрғыланса, Грозныйда 300-400 метрге дейін бұрғыланған еді. 1920-1929 жылдары Орал-Ембі өндірістерінен 1632,1 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл Қазан төңкерісіне дейінгі мұнайдан 19 пайызға көп еді. Барлық өндірілген мұнайдың 89 пайызы Доссордан болса, қалған 11 пайызы Мақаттан өндірілді. Төңкерістен бұрын мұнай тек жердің жоғарғы қабаттарынан алынды. Ал төменгі қабаттар (юра, пермотриас) барлаусыз қалып қойып отырды. Сондықтан да «Эмбанефть» тресінің Мақат өндірісін қайта барлап, бұрғылауынан кейін 1928 жылы Мақаттың пайдалану қорындағы ұңғылар саны 80-ге жетті.

1927 жылы ақпандағы Бүкілодақтық халық шаруашылығының мұнай өндірісі кеңесінде Орал-Ембі мұнайлы өндірісін дамыту жөнінде әдейі қаулы қабылданды. Тұжырымды, әрі жүйелі барлау және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Орал-Ембі мұнайлы өндірісі 6 аймаққа бөлінді. Олар: Доссор-Орталық, Оңтүстік, Новобогат, Иманқара, Терісаққан және Темір аймақтары. Доссор аймағына



Фотомұрағат



Сағыз өзені бойындағы мұнай алаңдары мен оның терістігіндегі газ алаңдары, ең оңтүстік шетіне Матенқожа кірді. Бұл аймақта Доссор мен Мақаттан мұнай өндіріліп, оған таяу жерде Ескене, Сағыз, Байшонос, Тентексор, Бекбике т.б. мұнайлы алаңдар болды. «Эмбанефть» тресі Мақат-Доссордағы база, құрал-жабдықтарды пайдаланып, бұл аудандардың таяу уақыттағы барлау жұмыстарын тездетуді жоспарлады. Оңтүстік аймаққа Жем (Ембі) өзенінің оңтүстігіндегі, сондай-ақ осы өзеннің төменгі жағындағы Қарашүңгіл, Қаратон, Мұнайлы, Қосшағыл, Төлес т.б. алаңдар жатты. Новобогат аймағына сол уақыттағы белгілі болған Жайық өзенінің батыс жағы, Каспий теңізі жағалауындағы қос өзен аралық мұнай алаңдары кіреді. Бұл маңда төңкеріске дейін барлау жұмыстары жүргізіліп, тек №1 – Новобогаттан жөңіл мұнай алынған болатын.

Иманқара аймағына Иманқара тауының маңындағы мұнайлы алаңдар жатқызылды. Бұл жерлерде төңкеріске дейін елеулі барлау жұмыстары жүрген жоқ еді. Тек мұнай бар деген жорамалдар мен жер бетіндегі азды-көпті мұнай сіңіп, қатып қалған асфальт-битумды құмдардың белгілері болды. Терісаққан аймағына Дөңгелексор және Сағыз өзенінің жоғарғы жағы мен Жем өзенінің орта шеніндегі 15-ке жуық аз зерттелген алаңдар жатқызылды. Темір аймағына Кейкібас, Итассай, Мартек, Орынбор-Ташкент теміржолына жақын жатқан алаңдар енді. Бұл теміржолға қажетті мате-

риалдар мен барлау құралдарын жеткізуге үлкен септігін тигізді. Аталған аймақтардың ішінде іздестіру, барлау жұмыстарын жүргізуге қолайлысы – Доссор, Новобогат, Темір және Оңтүстік аймақтар болды.

В.И.Лениннің инициативасы бойынша Александров-Гай-Ембі теміржолы салына бастады. Сол кездің өзінде-ақ Ембі кәсіпшіліктерінен Волгаға дейін мұнай құбырын салу міндеті алға қойылды. Бірінші бесжылдықтың басталуына дейінгі негізі күш бұрынғы кәсіпшіліктерді қалпына келтіруге және ескі екі кәсіпшіліктің – Доссор мен Мақаттың алаңдарынан мұнай өндіруді одан әрі дамытуға бағытталды. 1928 жылы Ембіде мұнай өндіру көлемі 1920 жылмен салыстырғанда 8,3 есеге өсті. Мұнай өндіру көлемі жөнінен сол кезде Ембі одақ бойынша 4-ші орында болды. Сөйтіп одақта өндірілетін мұнайдың 2,1 пайызын берді. 1923-1924 жылдары мұнай өнеркәсібі мемлекет меншігіне айналғаннан кейін, тұңғыш рет Ембідегі жұмыс істеп тұрған кәсіпшіліктерде жаңа ұңғыларды үздіксіз бұрғылау және жаңа кендерді барлау, бұрғылау жұмыстары басталды. Бірінші бесжылдық басталғанға дейін бұл жұмыстар алдымен ескі Доссор мен Мақат кәсіпшіліктерінің алаңдарында жүргізіліп, ал терең бұрғылаумен тек 8 кен орны ғана барланды. Мұның өзінде сол кезде жүргізілген бұрғылау жұмыстарының жалпы көлемінің тек 22,1 пайызы осылардың үлесіне тиді.

Барлаудың жоғары өнімді геофизикалық әдістері тұңғыш рет Ембіде 1925 жылы қолданыла бастады. Кеңестер Одағында бірінші рет геофизикалық әдістің гравиметрия түрі Доссорда өмірге келген-ді. Сондықтан біз Доссор-Ембі геофизикасының кіндік кескен жері деп мақтаныш етеміз. Алайда, мұнай өндіру мен бұрғылаудың кең өрістеуіне энергетикалық және механикалық базалар қуатының мүлдем жеткіліксіздігі мен мұнайшы мамандардың жетіспеуі кедергі келтірді. Мұнайлы Ембінің онан әрі дамуы жергілікті жұмысшы кадрларын даярлаумен тікелей байланысты болды.

1921 жылы өткен ВКП(б) X съезі жұмысшы кадрларды даярлау бағытында мектептер мен курстар жүйесін жоғарғы дәрежеде дамыту мәселесін алға қойды. 1924 жылы Доссорда бірінші рет ФЗО ашылып, ондағы оқитын оқушылардың 50 пайызы жергілікті кадрлар болды. Нәтижесінде, 1928 жылдың аяғында жергілікті жұмысшы кадрлардың саны 5 пайыздан 51 пайызға дейін өсті. ФЗО-ны бітіріп шыққан көптеген жастар техник, инженер мамандықтарын алып, кәсіпшіліктерге

жіберілді. Мұның бержағында, елді сұйық отын мен және жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз етуде Ембі мұнайының орасан зор маңызы болды. Елдің шеткері аймағында орналасқан Бакуден, Грозный мен Майкоптан Ембі кен орнының ерекшелігі мынада еді: біріншіден, ол өзінің географиялық жағдайына қарай, одақтың Европа мен Азия бөліктерін мұнай өнімдерімен жабдықтап отыру үшін екі жаққа да қолайлы болды; Ембі кенінің екінші артықшылығы, одақтың басқа мұнайлы аудандарына қарағанда, мұнда мұнайдың тайызырақ жатқандығында және жерінің анағұрлым оңай бұрғыланатындығында еді.

Доссор, Мақаттағы ұңғылардың орташа тереңдігі Баку ауданындағыдан 2,4 есеге, ал Грозныйдағыдан 3 есеге тайыз болды. Осының бәрін Ембідегі мұнайдың потенциалды қорының орасан көптігі толықтыра түсті. Бірінші бесжылдық басталғанға дейін бұл ауданнан мұнай кендері тіркес жатқан 300-ден астам тұз күмбездері табылды. Сол кезде Ембіні зерттеген білікті геологтар осы тұзды күмбездердің көпшілігі өнеркәсіптік мұнайлы-газды болады деп жорамалдады. Ембінің болашағын академик И.М.Губкин өте жоғары бағалады. «Ембі облысы, – деп жазды ол, – геология жағынан елде де толық зерттелмегенімен және осыған қарамастан ол өркендеуіне қолайлы жағдай туса, өзінің өндірістік қуаты жөнінен Баку, мұнайлы ауданымен теңдесе алатын, аса бай мұнайлы аудандардың бірі». Ембі кенінің бұлардан басқа, үшінші бір маңызды артықшылығы – мұнда өндірілетін мұнай сапасының жақсылығында. Мысалы, Доссордың майлы мұнайы өте сапалы шикізат, онан Баку мұнайымен салыстырғанда арнаулы мұнайлар 6-7 есе көп алынады.

Көрнекті ғалым Иван Михайлович Губкин (1871-1939) 10 жылдан артық Волга-Орал өңірі аумағының мұнайлы қасиеттерімен танысу жұмыстарымен тікелей айналысты. Тірі кезінде «одақтың басты мұнайшысы» дақын алған ол, Каспий теңізінен солтүстікке және оңтүстікке созу, аумақты мұнайлы аудан базасында «Екінші Баку» құру пікірін тұжырымдады. Осыған байланысты айырықша үміттер жиырмасыншы жылдар аяғында жоғарыда айтылғандай, үш жүзден артық күмбездері анықталған Батыс Қазақстанға жүктелді.

*(Мақаланы газетке дайындау барысында «Қарашүңгілден Теңізге дейін», «Қазақстан мұнайының қайнары», «Ембі мұнайы 100 жылда», т.б. кітаптар, архив деректері пайдаланылды).*

**Бағыт Сматуллин,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер кеңесі төрағасы

# Қаражанбас мұнайшылары «ЭКСПО-2017» көрмесінде



«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялары тобының мұнайшылары «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін тамашалауды жалғастыруда. «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС, «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС мен «Аргымақ Trans Service» ЖШС-нің

қызметкерлері де Астанаға келіп, «Болашақ энергиясы» тақырыбындағы дүниежүзілік көрмені аралады. Маңғыстау өңірінен келген мұнайшылар балама энергия көздерін пайдаланатын жаңа технологиялар және техникалық жетістіктермен танысты. Көрмеден алған өз әсерлерімен бөлісіп, пікірлерін білдірді.



## Исламбек Мұханов,

«Қаражанбасмұнай» АҚ;

– Мен «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының газ цехында газшы болып жұмыс істеймін. Астанадағы ЭКСПО көрмесіне Ақтау қаласынан келіп отырмыз. Бәрі жақсы, тамаша. Сапарымыз керемет өтіп жатыр. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясына рахметімді айтамын.

## Құралай Ақжігітова,

«Қаражанбасмұнай» АҚ;

– Мен ғылыми-зерттеу өндірістік жұмыстар цехында лаборант болып жұмыс жасаймын. ЭКСПО көрмесін аралап жүрміз, өте керемет, әдемі. Маған ұнап жатыр. Көретін дүниелер көп екен. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ мен «Қаражанбасмұнай» АҚ басшылығына рахмет.

**Рашид Әдіпов,** «Argymak Trans Service» ЖШС:  
– ЭКСПО көрмесінен керемет әсер алдық. Жаңа жайлы жақсы көріністермен, дамыған технологиялармен танысып, біліп жатырмыз. Ұжым атынан басшыларымызға, өкімшілікке бізді көтермелеп, демеу көрсетіп жатқандары үшін алыс айтамыз. Бүкіл Маңғыстаулықтарға сәлем!



## Шаяхмадин Бисетбаев,

«Argymak Trans Service» ЖШС:

– Жақсы демалып, көрме жайлы жақсы насихат алдық. Көрме ғимараттарының іші өдемі көріктелген, бәрі ұнап жатыр. Өзімізге біраз ой түйдік. ЭКСПО-ға жолдама сыйлаған басшыларға рахмет айтамыз.

## Марат Тілегенов,

«Argymak Trans Service» ЖШС:

– Қаражанбас кен орнында автомобиль жүргізуші болып жұмыс жасаймын. Жақсы қыдырыста болып жаттырмыз. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясы «Астана ЭКСПО-2017» көрмесіне сапарымызды жақсы ұйымдастырды. Тәуір-тәуір жерлерді көрдік, бәрін түсіндіріп жатыр бізге. Баршаңызды ЭКСПО көрмесін көруге шақырамын.



## Еркінбек Есенов,

«Argymak Trans Service» ЖШС:

– Мен Қаражанбасмұнайға қарасты «АргымақТрансСервис» мекемесінде машинист болып жұмыс жасаймын. Маңғыстау облысынан ЭКСПО-ға көрермен ретінде келдік. Сапарымызды ұйымдастырып, жолымызды көтеріп, жағдайымызды жасап жатқан басшыларға алысымызды білдіреміз. Ғылымдағы соңғы жетістіктерді көріп біліп жатырмыз. Бәріне ризамыз.



## Кенжебек Узмағамбетов,

«Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС:

– Ұңғымаларды жөндеу шебері болып жұмыс жасаймын. ЭКСПО бізге ұнап жатыр, жақсы шара екен. Әр елдің павильондарын аралап, керемет әсер алдық. Ғылымдағы соңғы жаңалықтармен таныстық.

## Лазер Бишехан,

«Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС:

– Маңғыстау облысы, Ақтау қаласынан келдік. Қаражанбасмұнай мекемесінің Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасында ішкі коммуникация бөлімшесінің жетекші маманы болып жұмыс істеймін. Астанаға ЭКСПО-ны көру үшін мекемеіздің атынан 73 адам болып келген едік. Көрмені тамашалаудамыз. Көрме тақырыбы жасыл технологияларға арналыпты. Алған әсеріміз керемет. Шараны ұйымдастырып, біздің келуімізге себепші болған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясына алысымыз шексіз.

# Қазгермұнай мұнайшылары “ЭКСПО-2017” көрмесінде

**Жэнь Лисинь**, генеральный директор ТОО «СП «Казгермұнай»:  
– *Тема текущей выставки - «Энергия будущего» – как нельзя лучше соответствует запросам мирового сообщества в рамках современного развития. Эта выставка показывает, что без прогрессивных ученых, новейших научных разработок сегодня ни одно государство не сможет продолжить движения вперед! И Казахстан не исключение. Ведь те ресурсы, которыми так щедро наградила нашу землю природа, увы, истощаемы. Поэтому, и тема выставки, и те недавние заявления руководства страны о планах по развитию «зеленой экономики», сегодня весьма актуальны.*



**Сәкен Оразов**, «Казгермұнай» БК» ЖШС, Нұралы кен орнында қабат қысымын ұстау учаскесінің шебері:

– «Казгермұнай» компаниясының бір топ қызметкерлері болып ЭКСПО көрмесіне келіп жатырмыз. Көрменің Германия, Монако, Ресей, Корея елінің павильондары өзіме ерекше ұнады. Мен өте қуаныштымын. Бізге мүмкіндік берген компания басшылығына рахметімді айтамын.

**Елена Мелихова**, специалист 1 категории отдела казначейства:

– В первую очередь я хочу поблагодарить руководство ТОО «СП «Казгермұнай» за предоставленную возможность посещения международной выставки ЭКСПО-2017. Выставка организована на очень достойном уровне, контент выставки очень впечатляет своим разнообразием и уникальностью. Я бы всем рекомендовала не упускать такую возможность и посетить ЭКСПО-2017 у нас на родине, в нашей столице.

**Болат Ақан**,

«Казгермұнай» БК» ЖШС, Ақсай кен орнының мұнай және газ өндіру учаскесінің шебері:

– Әлемдік маңызы бар іс-шараға болған соң ұйымдастырушыларға мемлекет алдында үлкен мақсат және жауапкершілік, міндеттер тұратыны анық. Көрменің ойдағыдай өтуі үшін елімізде барлық жағдайлар жасалған. Көрме маған қатты ұнады, барлық павильондарды аралап шықтым. ЭКСПО көрмесі жөнінде естіп білген бір басқа да, көзбен көргендегі сезім мүлде басқаша екен. Бізге осындай көрмені тамашалауға мүмкіндік берген басшыларымызға алғысымыз шексіз.

**Олжас Өтегенов**, «Казгермұнай» БК» ЖШС контроллинг бөлімінің жетекші маманы:

– ТМД елдері арасында ең бірінші болып біздің еліміз ұйымдастырып жатқан соң болар өзіміз ЭКСПО-ны көруге деген құлшынысымыз ерекше болды. Сол құлшынысымыз толықтай ақталды. Біріншіден, жалпы көрме территориясының жабдықталуы өз орнына бір үлкен өңгіме, өйткені құдды бір Еуропаның дамыған елдерінің құлпыраған, өсем және ерекше талғаммен безендірілген көшелерінде жүргендей керемет әсер аласың. Екіншіден, «Нұр Әлем» павильоны өзінше бір дүние, себебі бабаларымыздың сан асарлар бойы жинақтаған дала мәдениеті мен ғылымын бір алаңға керемет жинақтаумен қатар, қазіргі ғалымдарымыздың еңбектерін және табиғаттың бізге берген энергия көздерін бір ортаға шоғырландырып керемет шолу

жасай білген. Үшіншіден, шетел павильондарынан ерекше көркемдігімен және қайталанбастығымен есте қалаандары – Малайзия елінің тропикалық орманы, Германия елінің су көмегімен электр қуатын өндіру барысын көз алдында көрсетуі, Монако елінің қозғалмалы айналары мен VR көзілдірігімен әп-сәтте Монакоға саяхат жасауың және бүкіл павильон территориясын жел турбинасының мини-атюрасымен безендірген Швейцария елі. Сөз жоқ, Du Soleil халықаралық циркі, ұйымдастырушылардың «Нұр Әлем» шарына проекцияланған түнгі шоуы және жарқ-жұрқ етіп от шашып өсем әуенге билетін фонтандар көрмеде жүріп алған бір күндік әсерлеріңді одан сайын еселеп ЭКСПО-ға қайтадан келу керек деген ынта-жігеріңді арттырады.



## «Ақбөбектегі» қызықты күндер

➤ «Кендірлі» демалыс аймағында орналасқан «Ақбөбек» балалар лагерінде мұнайшылардың 285 баласы демалып жатыр. Лагердің директоры Юсуп Құдайбергеновтің айтуынша, мұндағы 7-10 жас аралығындағы балалардың жақсы тынығуына барлық жағдай жасалған. Мұнда жұмыс жасап жатқан тәрбиешілердің барлығы республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының тәжірибесінен өтіп, маман ретінде қалыптасқан.

Қазіргі таңда «Ақбөбек» лагерінде 17 үйірме жұмыс жасап тұр. «Алтын дауыс», «Жас ақын», «Жас актер», «Жайдарман», «Гитара», «Ермексаз», «Қолөнер», «Жас медик», «Шаш өру», «Футбол ойнағым келеді», «Би», «Домбыра», «Ағылшынша сөйлеп үйренейік», «Хип-хоп», «Сурет әлемі», «Шынықсаң – шымыр боласың» т.б. үйірмелеріне балалардың қабілет-қарымы мен қызығушылығы ескеріле отырып, іріктеліп алынады.

Лагерь мейірбикесі Айсұлу Бегимова балалар денсаулығының жіті қадағаланатындығын айтты. Ол тіпті балалар суға түсетін кезде теңіз суының температурасын да тексереді екен.

Ақбөбекте демалып жатқан 4-сынып оқушысы Нұрқат Тілеулиев «Маған асхананың тамағы қатты ұнап жүр. Аспаздар ас мәзірін жиі-жиі өзгертіп тұрады. Тамақтары өте дәмді», – дейді. «Ас – адамның арқауы» – деп қазақ тегін айтпайды. Дені сау ұлттың болашағы зор болмақ!

Ал, Айназ Қаржау болса, Ұлболсын



Жұмаева жетекшілік етіп жүрген «Шаш өру» үйірмесіне қатысып, шаш өрудің шаңырақ, алты өрім, жылан өрім деген түрлерін өріп үйренгенін мақтанышпен айтып жатты.

Ақбөбектің аға ұйымдастырушысы Ислам

Әміров баланың өз бетінше өсіп-жетіле бермейтінін айтады. «Қазіргі заманда өкінішке орай, балаларды ата-ана емес, теледидар мен компьютерлер тәрбиелеуде. Біз тәрбиешілер ұжымы болып осы олқылықтың орнын толтыруға тырысып жатқан жайымыз бар. Мәселен, Жапонияда мектепке барғанша баланың бетінен қақпайды. Біз де балалармен барынша жылы сөйлесіп, ортақ тіл табысуға ұмтылып отырмыз. Лагерьде демалып жатқан балаларымыздың қандай фильмдер көретінін қатаң қадағалаймыз. Психологтардың айтуынша, шетелдік дүдәмәл кейіпкерлі мультфильмдер жеңіл ойлауға жетелейді. Бір «Спанч Бобтың» өзі неге тұрады, қолындағы асты төге салады, лақтырады, ойға сыймай-



тын қылықтарға барады. Жас бала солардың жүгенсіз қылықтарын қайталауға үйренеді. Сондықтан, ересектер тарапынан баланың керетін, тыңдайтын нәрселерін електен өткізіп, қатаң қадағалап отырған жөн деп есептеймін», – дейді.

Балалар тамақтанатын асхана меңгеруші Жаңыл Шырақбаева балаларды өзінің немерелеріндей көретінін айтады. «Жазғы мезгіл болғандықтан балалар тамағына аса сақтықпен қарап отырмыз. Бас аспазым Есен Алдамжаров бірнеше жылдан бері кеме аспазы болған, аса тәжірибелі маман. Біз мұнайшыларымыз бен балаларымызды тамақтану мәдениетіне баулып отырмыз. Өздеріңіз байқасаңыз, даяшыларымыздың бәрі қолдарына бір реттік қолғап, бастарына қалпақ киіп алған. Бұл біздің гигиеналық талаптарды орындауға барынша мән беріп отырғанымызды көрсетеді. Қабырғаларға тамақтанушылардың эстетикалық талғамын өсіру үшін картиналар іліп, гүлдер өсіріп қойдық. Жайқалып өскен гүлдер тамақтанушылардың көңіл-күйін көтереді. Мына алғыс дәптеріне демалушылар «дән ризамыз» деп жазып кетті. Алғыс адамды қанаттандырады» – дейді ол ағынан жарылып. «Ақбөбек» лагеріндегі тәрбиешілер мен балалардың көңіл-күйі көтеріңкі. Балалардың жазғы демалыста тамаша тынығып қайтатындарына күмән жоқ.



# «Еңбегімен ер сыйлы»

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, №1 Мұнай газ өндіру басқармасы, №1 Сквжиналарды жерасты жөндеу цехы, № 4 Сквжиналарды жерасты жөндеу бригадасының аға операторы Мұратбай Ақкушаков пен Болат Омаров сайын дала төсінде мұнай өнімін өндіруде барынша зор үлес қосып жүрген білікті мамандар.

Осы салада Мұратбайдың жұмыс жасап жүргеніне 32 жыл болса, Болаттың еңбек етіп жүргеніне 8 жыл толыпты. Тәжірибелі аға оператор жас маманды баулып, қызығы мен шыжығы қатар жүретін операторлық кәсіптің қыр-сырын түсіндіруде еш жалыққан емес. Олар ынта-жігермен іске кіріскен жандардың ғана табысқа жететінін білетіндіктен, өзара түсінісіп жұмыс жасайды. Алла Тағаланың өзі пенденің әрекетіне сай берекет беруші емес пе?! «Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы» демекші, қазыналы мекенде ел игілігі үшін тер төгіп жүрген мұнайшының кәсібі елдегі ең құрметті мамандықтың бірі болған және болып қала береді.



## Зейнеткерлік демалысқа құрметпен шығарып салды



«Өзенмұнайгаз» АҚ персоналды басқару және дамыту департаменті персоналды басқару саласында 40 жылдан астам еңбек еткен №3 СҚБ персоналды басқару қызметінің жетекшісі Күзембаева Балиба Жұмағұлқызын және ХжӘБ персоналды басқару қызметінің жетекшісі Жантлесова Роза Сабитқызын құрметті зейнеткерлік демалысына шығарып салу салтанатты рәсімін ұйымдастырып, Қоғамның барлық персоналды басқару қызметкерлері атынан құттықтады. Жұмыста ұстаз бола білген әріптес апаларына дендерінің саулығын, әдемі қартайып, ұзақ өмір сүрулеріне тілектестік білдірді.



### ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ! Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты

report@seehearspeakup.co.uk или на сайте [www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report](http://www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report),

также позвонив на следующие телефонные номера (звонок бесплатный):

для русскоговорящих:  
8 800 333 3574

для казахскоговорящих  
8 800 333 4233

для англоговорящих  
8 800 333 4244

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется  
анонимность и конфиденциальность.



### Қолынан іс келетін адам бағалы

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты АЖТБ жұмыс жасайтын Сүндетбай Көнебаев өзбек елінде дүниеге келді. Еліміз тәуелсіздік алған соң, жер жерден атамекенге ағылған нұрлы көшпен бірге Сүндетбай да Манғыстауға оралды.

Ол 1995 жылы «Мангышлак-нефть» өндірістік бірлестігі «УНУ» (Өзен реттеу басқармасы) №1 цехқа Автоматика және өлшеу аспаптарын бақылау бойынша 3-ші дәрежелі жөндеушісі болып жұмысқа орналасты. Өзінің жұмысқа деген құлшынысының арқасында Сүндетбай мамандығы бойынша 6-дәрежелі жөндеуші болып жоғарылады.

Бүгінде ол аталған басқарманың №6 кешенді реттеу автоматикасы цехында БӨАЖА 1-категориялы инженер болып, абыройлы қызмет атқаруда. Кез келген адамның өмірден алатын орны бар. Ұжымдастары Сүндетбайды жауапты жұмыскер ретінде таниды.

Еңбекқор Сүндетбай өзінің «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы сияқты қуатты компанияда жұмыс жасайтынын мақтан етеді. Қолынан іс келетін адам қай жерде де сыйлы, бағалы.

#### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
ГАЗЕТ Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде  
есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

#### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,  
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,  
11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «Мұнайлы мекен» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

#### ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ  
Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ  
Бибиғұл Бөбекбай – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ  
Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ  
Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ  
Қосыйым Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ  
Алтынгүл Әлішерова – A.ALISHEROVA@KGM.KZ  
Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ  
Гүлзира Бекқұлиева – G.BEKULIEVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«АҒЖАР - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
Тел.: +7 (7132) 21 19 30